Прегабалинді қолдану кезінде Стивенс–Джонсон синдромын, уытты эпидермалық некролизді қоса алғанда, терінің ауыр реакцияларының дамуы туралы хабарламалар алынды. Егер сіз терінің ауыр реакцияларына байланысты қандай да бір симптомдардың пайда болуын байқасаңыз, прегабалинді қолдануды тоқтатыңыз және дереу дәрігерге хабарласыңыз.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Белсенді затқа немесе қосымша заттардың кез келгеніне аса жоғары сезімталдық.

Қолдану кезіндегі қажетті сақтық шаралары

Терінің ауыр жағымсыз реакциялары

Прегабалин қолданумен байланысты терінің ауыр жағымсыз реакциялары, оның ішінде Стивенс-Джонсон синдромының, уытты эпидермалық некролиздің дамуы туралы сирек хабарланған. Бұл жағымсыз реакциялар өмірге қауіп төндіреді, оның ішінде өліммен аяқталған жағдайға әкеледі. Пациенттерді терінің ауыр реакцияларының белгілері мен симптомдары туралы хабардар ету қажет және олардың пайда болуын мұқият бақылауды ұсыну керек. Егер осы реакцияларды көрсететін белгілер мен симптомдар пайда болса, прегабалинді қолдануды дереу тоқтатып, қажет болған жағдайда баламалы емді тағайындауды қарастыру керек.

Қант диабеті бар пациенттер

Қазіргі клиникалық практикаға сәйкес, прегабалинді қолдану кезінде дене салмағы артқан қант диабетімен ауыратын кейбір пациенттерге қантты төмендететін дәрілік заттардың дозасын түзету қажет болуы мүмкін.

Аса жоғары сезімталдық реакциялары

Аса жоғары сезімталдық реакцияларының пайда болуы, оның ішінде ангионевроздық ісінудің даму жағдайлары туралы хабарланды. Беттің, ауыз маңы аумағының немесе жоғарғы тыныс алу жолдарының ісінуі сияқты ангионевроздық ісіну симптомдары болған кезде прегабалинді қолдануды дереу тоқтату керек.

Бас айналу, ұйқышылдық, естен айырылу, сананың шатасуы және психикалық бұзылулар

Прегабалинді қолдану бас айналу мен ұйқышылдық байқалуымен қатар жүрді, бұл егде жастағы адамдарда кездейсоқ жарақат алу (күлау) қаупін арттыруы мүмкін. Сондай-ақ, естен айырылу, сананың шатасуы, психиканың бұзылуы сияқты жағымсыз реакциялардың дамуы туралы хабарланды. Сондықтан пациенттерге препараттың ықтимал әсерлері белгілі болғанға дейін сақ болуды ұсыну қажет.

Решение: N069467

Дата решения: 27.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Көру бұзылыстары

Бақыланатын зерттеулерде прегабалин алған пациенттердің көп бөлігі плацебо қабылдаған пациенттерге қарағанда уақытша көрудің бұлыңғырлануы туралы хабарлады, бұл көп жағдайда препаратты қабылдауды жалғастырған кезде басылған. Офтальмологиялық қарап-тексеру жүргізілген зерттеулерде плацебо тобындағы пациенттерге қарағанда прегабалинмен емделген пациенттерде көру өткірлігінің төмендеуі және көру өрісінің өзгеруі жоғары болғаны белгілі. Көру мүшелері тарапынан жағымсыз әсерлер, оның ішінде көрмей қалу, көрудің бұлыңғырлануы немесе көру өткірлігінің басқа өзгерістері туралы хабарланды, олардың көпшілігі уақытша болған. Прегабалинді қолдануды тоқтату көру мүшелері тарапынан осы симптомдардың жойылуына немесе әлсіреуіне ықпал етуі мүмкін.

Бүйрек жеткіліксіздігі

Бүйрек жеткіліксіздігінің даму жағдайлары туралы хабарланды және кейбір жағдайларда прегабалин қабылдауды тоқтату бұл жағымсыз реакцияның қайтымдылығын көрсетті.

Қатарлас эпилепсияға қарсы дәрілік заттарды тоқтату

Прегабалин монотерапиясына көшу үшін қазірдің өзінде жүргізіліп жатқан емге прегабалин қосылған кезде құрысуларды бақылауға қол жеткізгеннен кейін эпилепсияға қарсы қатарлас препараттарды алып тастауға қатысты деректер жеткіліксіз.

Тоқтату симптомдары

Прегабалинді қысқа және ұзақ мерзімді қолдануды тоқтатқаннан кейін пациенттерде тоқтату симптомдары байқалды. Келесідей құбылыстар туралы хабарланды: ұйқысыздық, бас ауыру, жүрек айнуы, үрейлену, диарея, тұмауға ұқсас синдром, күйгелектік, депрессия, ауырсыну, құрысулар, гипергидроз және бас айналу. Прегабалинді тоқтатқаннан кейін тоқтату симптомдарының пайда болуы дәріге тәуелділікті көрсетуі мүмкін. Бұл ақпаратты емді бастамас бұрын пациентке хабарлау керек. Егер прегабалинді қабылдауды тоқтату керек болса, оны көрсеткіштерге қарамастан кем дегенде 1 апта бойы біртіндеп жасау ұсынылады. Прегабалинді қабылдау кезінде немесе прегабалин қабылдауды тоқтатқаннан кейін көп ұзамай құрысулар, оның ішінде эпилепсиялық статус және ауқымды құрысу ұстамалары пайда болуы мүмкін. Ұзақ уақыт бойы қолданғаннан кейін прегабалинді тоқтату туралы деректер тоқтату

Решение: N069467

Дата решения: 27.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

симптомдарының пайда болу жиілігі мен ауырлығы дозаға байланысты болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Іркілісті жүрек жеткіліксіздігі

Прегабалинді қолданатын пациенттерде іркілісті жүрек жеткіліксіздігінің жағдайлары туралы хабарланды. Мұндай реакция көбінесе жүрек-қантамыр бұзылулары бар егде жастағы пациенттерде прегабалинмен нейропатиялық ауырсынуды емдеу кезінде байқалды. Мұндай пациенттерге прегабалинді сақтықпен қолдану керек. Прегабалинді қолдануды тоқтатқан кезде бұл құбылыс жойылуы мүмкін.

Жұлынның зақымдануы салдарынан орталықтан нейропатиялық ауырсынуды емдеу

Жұлынның зақымдануы салдарынан болған орталықтық нейропатиялық ауырсынуды емдеу кезінде жалпы алғанда жағымсыз реакциялардың, ОЖЖ тарапынан жағымсыз реакциялардың және әсіресе, ұйқышылдықтың пайда болу жиілігі жоғары болғаны белгілі. Мұны осы жай-күйді емдеу үшін қажет қатарлас қолданылатын дәрілік заттардың (мысалы, түйілуге қарсы дәрілер) аддитивті әсерімен түсіндіруге болады. Осы фактіні мұндай пациенттерге прегабалинді тағайындаған жағдайда назарға алу қажет.

Тыныстың тарылуы

Прегабалинді қолдануға байланысты ауыр тыныстың тарылуы туралы хабарланды. Тыныс алу функциясының бұзылуы, респираторлық немесе неврологиялық аурулары, бүйрек жеткіліксіздігі бар, ОЖЖ антидепрессанттарын бір мезгілде қолданатын пациенттерде және егде жастағы адамдарда бұл ауыр жағымсыз реакцияның пайда болу қаупі жоғары болуы мүмкін. Бұл пациенттерге дозаны түзету қажет болуы мүмкін.

Суицидтік ойлау және мінез-құлық

Белгілі бір көрсеткіштер негізінде эпилепсияға қарсы дәрілермен емделген пациенттерде суицидтік ойлау мен мінез-құлық жағдайлары байқалды. Эпилепсияға қарсы препараттарды қолдану бойынша рандомизацияланған плацебо-бақыланатын зерттеулердің қолда бар мета-талдау деректері де суицидтік ойлау мен мінез-құлық қаупінің шамалы жоғарылағанын көрсетті. Бұл қауіптің пайда болу механизмі белгісіз, ал қолда бар деректер прегабалинді қолдану кезінде осы жоғары қауіптің болу мүмкіндігін жоққа шығармайды. Сондықтан пациентті суицидтік ойлау мен мінез-құлық белгілерінің пайда болу тұрғысынан мұқият қадағалап, ол пайда болған жағдайда тиісті ем тағайындау қажет. Суицидтік ойлар мен мінез-құлық

Решение: N069467

Дата решения: 27.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

жағдайлары маркетингтен кейінгі тәжірибеде прегабалинмен емделген пациенттерде байқалды. Өзін-өзі бақылайтын зерттеу дизайны пайдаланылған эпидемиологиялық зерттеу (жекелеген адамда ем болмаған кезеңдермен емдеу кезеңдерін салыстыру) прегабалин алған пациенттерде суицидтік мінез-құлықтың жаңа көріністелуі мен суицидтен болатын өлім қаупінің жоғарылау дәлелдерін көрсетті. Пациенттер (және оларға күтім жасайтын адамдар) суицидтік ойлау мен мінез-құлық белгілері пайда болған жағдайда медициналық көмекке жүгіну қажеттілігін білуі керек. Прегабалинмен емдеуді тоқтату суицидтік ойлар мен мінез-құлық жағдайында қарастырылуы керек.

Ас қорыту жолының төменгі бөлімдері функциясының нашарлауы

Прегабалинді апиынды анальгетиктер сияқты іш қатуды туындатуы мүмкін препараттармен бірге қабылдау салдарынан асқазан-ішек жолының төменгі бөлімдері функциясының нашарлауымен (ішектің бітелуі, ішектің салданған бітелуі, іш қату секілді) байланысты құбылыстар туралы хабарланды. Прегабалин мен апиындарды біріктіріп қолданған кезде іш қату профилактикасы бойынша шаралар қабылдаған жөн (әсіресе әйелдер мен егде жастағы пациенттерде).

Апиындармен бір мезгілде қолдану

ОЖЖ функциясының басылу қаупіне байланысты прегабалинді апиындармен бір мезгілде тағайындау кезінде сақ болу ұсынылады (4.5 бөлімін қараңыз). Зерттеулер кезінде тек апиындарды пайдаланған пациенттермен (түзетілген мүмкіндіктер арақатынасы (тМА) 1.68 [95 % СА, 1.19-2.36]) салыстырғанда прегабалинді апиындармен бір мезгілде қабылдаған пациенттерде өліммен аяқталған жағдай қаупі жоғарылағаны белгілі. Осы жоғары қауіп прегабалиннің төменгі дозасында (≤ 300 мг, тМА 2.51 [95 % СА, 1.04-2.22]) байқалған және прегабалиннің жоғары дозаларында (> 300 мг, тМА 2.51 [95 % СА, 1.24-5.06]) үлкен қауіпке деген үрдісі байқалған.

Дұрыс қолданбау, теріс пайдалану немесе тәуелділік

Прегабалин препаратты емдік дозаларда қабылдау кезінде пайда болуы мүмкін, дәрілік тәуелділікті туындата алады. Теріс пайдалану және орынсыз пайдалану жағдайлары туралы хабарланды. Анамнезінде психоактивті заттарды шамадан тыс пайдаланған пациенттерде прегабалинді теріс пайдалану және тәуелділік қаупі жоғары болуы мүмкін және мұндай пациенттер прегабалинді сақтықпен қолдануы керек. Прегабалинді тағайындамас бұрын пациенттің препаратты дұрыс қолданбауы, оны теріс

Решение: N069467

Дата решения: 27.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

пайдалануы немесе тәуелділік қаупін мұқият бағалау керек. Прегабалин алатын пациенттер толеранттылықтың дамуы, дозаны арттыру және есірткі іздеумен байланысты мінез-құлық сияқты тәуелділік немесе теріс пайдалану, прегабалинді дұрыс қолданбау белгілерін анықтау тұрғысынан бақылауда болуы қажет.

Энцефалопатия

Энцефалопатия жағдайлары негізінен энцефалопатияны туындатуы мүмкін, қатарлас аурулары бар пациенттерде пайда болды.

Бала туу жасындағы әйелдер / Контрацепция

Жүктіліктің бірінші триместрінде Прегабинді қолдану туылмаған нәрестеде ауыр туа біткен ақауларды туындатуы мүмкін. Анасы үшін пайдасы шарана үшін ықтимал қауіптен асып түсетін жағдайларды қоспағанда, прегабалинді жүктілік кезінде қолданбаған жөн. Бала туу жасындағы әйелдер емдеу кезінде тиімді контрацепция дәрілерін пайдалануы керек.

Натрий мөлшері

Дәрілік зат құрамында бір капсулаға (23 мг) 1 ммольден аз натрий бар, яғни іс жүзінде натрий жоқ. Бұл туралы натрий мөлшері төмен диетаны ұстанатын пациенттерге түсіндіріп айту керек.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Прегабалин негізінен несеппен өзгермеген күйінде шығарылатындықтан және адам организмінде елеусіз ғана метаболизмге ұшырайтындықтан (дозаның < 2 % несеппен метаболиттер түрінде шығарылады), басқа препараттардың метаболизмін *in vitro* тежемейтіндіктен және қан ақуыздарымен байланыспайтындықтан, прегабалиннің фармакокинетикалық дәрілік өзара әрекеттесуді туындатуы немесе ұқсас өзара әрекеттесудің объектісі болу ықтималдылығы аз.

In vivo зерттеулері және популяцияға негізделген фармакокинетикалық талдау

In vivo зерттеулерінде прегабалин мен фенитоин, карбамазепин, вальпрой қышқылы, ламотриджин, габапентин, лоразепам, оксикодон немесе этанол арасында едәуір клиникалық фармакокинетикалық өзара әрекеттесу байқалмағаны белгілі. Пероральді диабетке қарсы препараттар, диуретиктер, инсулин, фенобарбитал, тиагабин және топираматтың прегабалин клиренсіне клиникалық маңызды әсер етпейтінін көрсетті.

Пероральді контрацептивтер, норэтистерон және/немесе этинилэстрадиол

Решение: N069467

Дата решения: 27.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Прегабалинді және норэтистерон және/немесе этинилэстрадиол пероральді контрацептивтерін бір мезгілде қолдану препараттар әрқайсысының тепе-теңдік жағдайы фармакокинетикасына әсер етпейді.

ОЖЖ-ге әсер ететін дәрілік заттар

Прегабалин этанол мен лоразепамның әсерін күшейте алады.

Прегабалинді апиындармен және/немесе орталық жүйке жүйесінің (ОЖЖ) функциясын тежейтін басқа дәрілік заттармен бір мезгілде қабылдаған пациенттерде, атап айтқанда, осындай заттарды шамадан тыс пайдаланатын пациенттерде тыныс алу жеткіліксіздігінің, команың және өліммен аяқталған жағдайдың дамуы туралы хабарланды. Прегабалин оксикодоннан туындаған когнитивті және негізгі қозғалыс функцияларының бұзылуын күшейтуі ықтимал.

Егде жастағы пациенттердегі дәрілік өзара әрекеттесу

Егде жастағы пациенттер қатысқан фармакодинамикалық өзара әрекеттесулерге арнайы зерттеулер жүргізілген жоқ. Дәрілік заттардың өзара әрекеттесу зерттеулері тек ересек пациенттерде жүргізілді.

Арнайы ескертулер

Репродуктивті жастағы әйелдер/контрацепция дәрілері

Репродуктивті жастағы әйелдер тиімді контрацепция дәрілерін қолдануы керек.

Жүктілік немесе лактация кезінде

Прегабалин адам плацентасы арқылы өте алады.

Негізгі туа біткен даму ақаулары

Бірінші триместрде прегабалин алған 2700-ден астам жүкті әйелдер қатысқан скандинавиялық обсервациялық зерттеу деректері прегабалин алмаған тұрғындармен салыстырғанда (4,1 %-ға қарсы 5,9 %) прегабалин қабылдаған балалар (тірі немесе өлі туылған) арасында негізгі туа біткен даму ақауларының (ТДА) анағұрлым жоғары таралуын көрсетті.

Бірінші триместрде прегабалин қабылдаған педиатриялық популяциядағы ТДА қаупі экспозицияланбаған популяциямен салыстырғанда біршама жоғары болған (ламотриджин (1,29 (1,01–1,65)) немесе дулоксетин (1,39 (1,07–1,82)) алған популяциямен салыстырғанда түзетілген таралу коэффициенті және 95 % аралық сенімділігі: 1,14 (0,96-1,35)). Нақты даму ақауларын талдау жүйке жүйесінің, көздің, орофациальді жарықтардың, несеп шығару жолдарының және жыныс мүшелерінің даму ақауларының анағұрлым жоғары қаупін көрсетті, бірақ цифрлар кішігірім болып, бағалаулар дәл болмады. Прегабалинді жүктілік кезінде аса қажет болмаса

Решение: N069467

Дата решения: 27.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

(егер анасы үшін пайдасы шарана үшін ықтимал қаупінен асып кетсе), қолдануға болмайды.

Прегабалин емшек сүтімен бөлінеді. Прегабалиннің жаңа туған нәрестелерге/сәбилерге әсері белгісіз. Бала үшін емізудің пайдасын және анасы үшін емнің пайдасын ескере отырып, бала емізуді тоқтату немесе прегабалинмен емдеуді тоқтату туралы шешім қабылдау қажет.

Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Прегабалин көлік құралдарын басқару және басқа механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне шамалы немесе орташа әсер етуі мүмкін. Прегабалин бас айналу мен ұйқышылдықты туындатуы мүмкін және көлік құралын немесе механизмдерді басқару қабілетіне әсер етуі мүмкін. Сондықтан пациенттерге Прегабалин препаратының мұндай әрекетке қабілеттілігіне қалай әсер ететіні белгілі болғанға дейін көлікті басқарудан немесе күрделі техникамен жұмыс істеуден бас тартуды ұсыну керек.

Қолдану бойынша ұсынымдар

Дозалау режимі

Препаратты 2 немесе 3 қабылдауға бөлінген, тәулігіне 150-ден 600 мг дейінгі дозада тағайындайды. Препаратты тамақтануға қарамастан қолдануға болады.

Нейропатиялық ауырсыну

Прегабалиннің бастапқы дозасы 2 немесе 3** қабылдауға бөлінген тәулігіне 150 мг құрайды.

Пациенттің жеке реакциясына және препараттың жағымдылығына байланысты дозаны 3-7 күннен кейін тәулігіне 300 мг-ға дейін арттыруға болады және қажет болған жағдайда, тағы 7 күннен кейін тәулігіне ең жоғары 600 мг дозаға дейін арттыруға болады.

Эпилепсия

Прегабалиннің бастапқы дозасы 2 немесе 3** қабылдауға бөлінген тәулігіне 150 мг құрайды. Пациенттің жеке реакциясына және препараттың жағымдылығына байланысты дозаны 1 аптадан кейін тәулігіне 300 мг-ға дейін арттыруға болады. Тағы бір аптадан кейін дозаны ең жоғарғы - тәулігіне 600 мг дейін арттыруға болады.

Жайылған үрей бұзылысы

Тәуліктік доза екі немесе үш қабылдауға бөлінген 150-ден 600 мг - ға дейін өзгереді. Прегабалинмен емдеу қажеттілігі үнемі қайта қаралуы керек.

Решение: N069467

Дата решения: 27.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Прегабалинмен емдеу тәулігіне 150 мг дозадан басталуы мүмкін. Жеке реакцияға және препараттың жағымдылығына байланысты дозаны бірінші емдеу аптасынан кейін тәулігіне 300 мг-ға дейін арттыруға болады. Емдеудің келесі аптасында дозаны тәулігіне 450 мг-ға дейін арттыруға болады. Тағы бір аптадан кейін дозаны ең жоғарғы - тәулігіне 600 мг дейін арттыруға болады.

Препаратты тоқтату

Егер прегабалинді тоқтату керек болса, препаратты кем дегенде 1 апта ішінде біртіндеп тоқтату ұсынылады.

Бүйрек функциясы бұзылған пациенттер

Прегабалин жүйелік қан ағымынан өзгермеген түрде, негізінен бүйрек арқылы шығарылады. Прегабалин клиренсі креатинин клиренсіне тура пропорционал болғандықтан, бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде дозаны азайту 1-кестеде көрсетілгендей креатинин клиренсінің көрсеткішіне (CL_{cr}) сәйкес жеке жүргізілуі керек. Креатинин клиренсі формула бойынша анықталады:

$$CL_{cr} \text{ (мл/мин)} = \left[\frac{1,23 \times [140 - \text{жасы (жас)}] \times \text{салмағы (кг)}}{\text{қан плазмасындағы креатинин деңгейі (мкмоль/л)}} \right] \left(\times 0,85 \text{ әйелдер үшін} \right)$$

Прегабалин гемодиализ арқылы қан плазмасынан тиімді шығарылады (4 сағат ішінде препараттың 50 %-ы). Гемодиализ жүргізіп жатқан пациенттер үшін прегабалиннің тәуліктік дозасын бүйрек функциясына сәйкес түзету қажет. Тәуліктік дозаға қосымша, әр 4 сағаттық диализ емшарасынан кейін бірден препараттың қосымша дозасын қолдану қажет.

1-кесте. Бүйрек функциясының жай-күйіне байланысты прегабалиннің дозасын түзету

Креатинин клиренсі (CL _{cr}) (мл/мин)	Прегабалиннің жалпы тәуліктік дозасы *		Дозалау режимі
	Бастапқы доза (тәулігіне мг)	Ең жоғары доза (тәулігіне мг)	
≥ 60	150	600	Тәулігіне 2 немесе 3 рет
≥ 30 – < 60	75	300	Тәулігіне 2 немесе 3 рет

Решение: N069467

Дата решения: 27.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

≥ 15 – < 30	25-50**	150	Тәулігіне 1 немесе 2 рет
< 15	25**	75	Тәулігіне 1 рет
Гемодиализден кейінгі қосымша доза (мг)			
	25**	100**	Бір реттік доза+

*Бір дозаға миллиграмм мөлшерін алу үшін жалпы тәуліктік дозаны (тәулігіне мг) қабылдау санына бөлу керек.

**Прегабалинді тиісті дозада қолдану.

+Қосымша доза - бұл бір реттік қосымша доза.

Бауыр функциясы бұзылған пациенттер

Бауыр функциясы бұзылған пациенттер үшін дозаны түзетудің қажеті жоқ.

Егде жастағы пациенттерде (65 жастан асқан) қолдану

Егде жастағы пациенттер үшін бүйрек функциясының төмендеуіне байланысты прегабалиннің дозасын төмендету қажет болуы мүмкін.

Педиатрияда қолдану

18 жасқа дейінгі балаларға прегабалинді қолданудың қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталмаған. Қолда бар деректерге сүйене отырып, пациенттердің осы санатымен қолдануға қатысты ешқандай ұсынымдар беру мүмкін емес.

Енгізу әдісі мен жолы

Пероральді қолдану.

Артық дозаланғанда қабылдануы қажет шаралар

Ұйқышылдық, сананың шатасуы, қозу және мазасыздық прегабалинмен артық дозаланған жағдайда анағұрлым жиі байқалған жағымсыз реакциялар болғаны туралы хабарланды. Сондай-ақ, құрысудың пайда болуы туралы деректер бар.

Кейде кома жағдайлары туралы хабарланған.

Прегабалинмен артық дозалануды емдеу жалпы демеу шараларын және қажет болған жағдайда, гемодиализ жүргізуді қамтуы керек.

Тоқтату симптомдары қатерінің бар-жоғын көрсету

Егер прегабалин қабылдауды тоқтату керек болса, оны көрсетіліміне карамастан кем дегенде 1 апта ішінде біртіндеп тоқтату ұсынылады.

Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медицина қызметкеріне кеңес беруге арналған ұсынымдар

Дәрілік препаратты қабылдамас бұрын дәрігер кеңесіне жүгініңіз.

Решение: N069467

Дата решения: 27.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

ДП стандартты қолдану кезінде пайда болатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және бұл жағдайда қабылдануы тиіс шаралар

Прегабалинді зерттеу бойынша клиникалық бағдарламаға прегабалин қабылдаған 8900-ден астам пациент қатысты, олардың 5600-ден астамы салыстырмалы жасырын плацебо бақыланатын клиникалық зерттеулерге қатысты. Бас айналу және ұйқышылдық анағұрлым жиі кездесетін жағымсыз реакциялар болды. Жағымсыз реакциялар әдетте қарқындылығы бойынша жеңіл немесе орташа болды. Барлық бақыланатын зерттеулерде жағымсыз реакциялардың дамуы салдарынан препаратты тоқтату жиілігі прегабалин қабылдаған пациенттерде 12 %-ды және плацебо қабылдаған пациенттерде 5 %-ды құрады. Бас айналу және ұйқышылдық прегабалинмен емдеуді тоқтатуға әкеп соғатын анағұрлым көп таралған жағымсыз реакциялар болды.

Әрбір жиілік тобында жағымсыз әсерлер ауырлықтың кему тәртібімен ұсынылған. Атап көрсетілген жағымсыз реакциялар негізгі аурумен және/немесе қатарлас дәрілік заттарды қолданумен байланысты болуы мүмкін. Жұлынның зақымдануынан туындаған орталық нейропатиялық ауырсынуды емдеу кезінде жалпы жағымсыз реакциялардың, ОЖЖ тарапынан жағымсыз реакцияларының және әсіресе ұйқышылдықтың жиілігі артты.

Маркетингтен кейінгі тәжірибе нәтижесінде алынған жағымсыз реакциялар төмендегі тізімде сызылып көрсетілген.

Өте жиі

- бас айналу, ұйқышылдық, бас ауыру.

Жиі

- назофарингит

- тәбеттің артуы

- эйфориялық көңіл-күй, сананың шатасуы, ашуланшақтық, бағдардан адасу, ұйқысыздық, либидоның төмендеуі

- атаксия, қимыл үйлесімінің бұзылуы, тремор, дизартрия, амнезия, жадының бұзылуы, зейін қоюдың бұзылуы, парестезия, гипестезия, седация, тепе-теңдіктің бұзылуы, летаргия

- бұлыңғыр көру, диплопия, конъюнктивит

- вертиго

- фаринголарингеальді ауыру, енгігу, мұрыннан қан кету, жөтел, мұрынның бітелуі, ринит, қорыл, мұрынның құрғауы

Решение: N069467

Дата решения: 27.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

- құсу, жүрек айну, іш қату, диарея, метеоризм, іштің кебуі, ауыздың құрғауы, гастрит
- тесілу
- эректильді дисфункция, импотенция
- шеткері ісіну, ісінулер, жүріс-тұрыстың бұзылуы, құлау, мастану сезімі, ерекше сезімдер, қатты шаршау
- дене салмағының артуы
- бұлшықеттің құрысуы, артралгия, арқаның ауыруы, аяқ-қолдың ауыруы, мойын аумағындағы бұлшықеттің түйілуі, бұлшықеттердің сіресуі

Жиі емес

- нейтропения
- аса жоғары сезімталдық
- анорексия, гипогликемия
- гиперакузия
- тахикардия, I дәрежелі атриовентрикулярлық блокада, синустық брадикардия, іркілісті жүрек жеткіліксіздігі
- артериялық гипотензия/гипертензия, қан тебулер, гиперемия, аяқ-қолдың мұздағанын сезіну
- елестеулер, үрей шабуылдары, мазасыздық, қозу, депрессия, жабырқаңқы көңіл-күй, көтеріңкі көңіл-күй, озбырлық, көңіл-күйдің өзгеруі, өзін-өзі танымау, сөз таңдаудағы қиындықтар, патологиялық түс көру, либидоның жоғарылауы, аноргазмия, апатия
- естен тану, мелшию, миоклония, естен айырылу, психомоторлы гиперреактивтілік, дискинезия, постуральді бас айналу, интенциялық тремор, нистагм, когнитивті бұзылыс, психикалық бұзылыс, сөйлеудің бұзылуы, гипорефлексия, гиперестезия, күйдіріп ашыту сезімі, агевзия, жалпы димкәстану, апатия, ауыз маңындағы парестезия, миоклонус
- шеткері көрудің жоғалуы, көрудің бұзылуы, көздің ісінуі, көру аймағының тарылуы, көру жітілігінің төмендеуі, көздің ауыруы, астенопия, фотопсия, көздің құрғауы, көзден шамадан тыс жас ағу, көздің тітіркенуі, блефарит, аккомодацияның бұзылуы, көз алмасына қан құйылу, көздің қарығуы, торқабықтың ісінуі
- еңтігу, мұрыннан қан кету, жөтел, мұрын бітелуі, ринит, қорыл, мұрынның шырышты қабығының құрғауы
- гастроэзофагеальді рефлюкс ауруы, сілекейдің шамадан тыс ағуы, ауыз қуысының гипестезиясы, холецистит, холелитиаз, колит, асқазан-ішектен қан кету, мелена, ректальді қан кету

Решение: N069467

Дата решения: 27.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

- гипергидроз, папулезді бөртпе, есекжем, қышыну, алопеция, терінің құрғауы, экзема, гирсутизм, тері ойық жаралары, везикулобулезді бөртпе
- бауыр ферменттері деңгейінің жоғарылауы (аланинаминотрансфераза (АЛТ) және аспартатаминотрансфераза (АСТ))
- буындардың ісінуі, миалгия, бұлшықеттердің тартылуы, мойынның ауыруы, бұлшықеттердің сіресуі
- дизурия, несепті ұстай алмау, альбуминурия, гематурия, бүйректе тас түзілуі, нефрит
- эякуляцияның кешеуілдеуі, дисменорея, жыныстық дисфункция, лейкорея, менорагия, метрорагия, сүт бездерінің ауыруы
- жайылған ісіну, беттің ісінуі, кеудедегі қысылу сезімі, ауырсыну, қызу, қалтырау, дімкәстану сезімі, астения, шөлдеу, абсцесс, шелмай тінінің қабынуы, фотосезімталдық реакциялары
- қандағы креатинфосфокиназа деңгейінің жоғарылауы, глюкоза деңгейінің жоғарылауы, тромбоциттер санының төмендеуі; қандағы креатининнің жоғарылауы, гипокалиемия, дене салмағының төмендеуі.

Сирек

- ангионевроздық ісіну, аллергиялық реакция, анафилактоидты реакция
- ширақтық, суицидтік мінез-құлық, суицидтік ойлар
- олигурия, бүйрек жеткіліксіздігі, жедел бүйрек жеткіліксіздігі, гломерулонефрит, пиелонефрит, несептің іркілуі
- құрысулар, паросмия, гипокинезия, дисграфия, гипалгезия, тәуелділік, мишық синдромы, иректі дөңгелек синдромы, кома, делирий, энцефалопатия, экстрапирамидальдық синдром, Гийен-Барре синдромы, интракраниальді гипертензия, маниакальді реакциялар, параноидтық реакциялар, ұйқының бұзылуы, паркинсонизм
- QT аралығының ұзаруы, синусты тахикардия, синустық аритмия
- көрмей қалу, кератит, осциллопсия, тереңдікті көру арқылы қабылдаудың өзгеруі, мидриаз, страбизм, көру жарықтығы, анизокория, мөлдір қабық ойық жаралары, экзофтальм, көз бұлшықетінің салдануы, ирит, кератоконъюнктивит, миоз, түнгі соқырлық, офтальмоплегия, көру жүйкесі атрофиясы, көру жүйкесі дискісінің ісінуі, птоз, увеит
- өкпе ісінуі, тамақтың қысылу сезімі, ларингоспазм, апноэ, ателектаз, бронхиолит, ықылық, өкпе фиброзы, есінеу
- асцит, дисфагия, панкреатит, тілдің ісінуі, афтозды стоматит, өңеш ойық жарасы, периодонтальді абсцесс
- сарғаю

Решение: N069467

Дата решения: 27.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

- рабдомиолиз
- аменорея, сүт бездерінен бөліністер, сүт бездерінің гипертрофиясы, цервицит, баланит, эпидидимит, гинекомастия
- Стивенс-Джонсон синдромы, ұйғты эпидермалық некролиз, суық тер, эксфолиативті дерматит, лихеноидты дерматит, меланоз, тырнақтың зақымдануы, петехиальді бөртпе, пурпура, пустулезді бөртпе, тері атрофиясы, тері некрозы, тері және тері астындағы түйіндер
- гранулема, қасақана зиян келтіру, ішперде артындағы фиброз, шок
- лейкоциттер санының төмендеуі.

Өте сирек

- бауыр жеткіліксіздігі, гепатит.

Жиілігі белгісіз

- тыныстың тарылуы
- дәріге тәуелділік.

Прегабалинмен қысқа және ұзақ мерзімді емдеуді тоқтатқаннан кейін кейбір пациенттерде тоқтату симптомдары байқалған. Келесі реакциялар атап өтілді: ұйқысыздық, бас ауыру, жүрек айнуы, мазасыздық, диарея, тұмауға ұқсас синдром, құрысулар, күйгелектік, депрессия, ауырсыну, физикалық тәуелділікті айғақтайтын гипергидроз және бас айналу. Пациент бұл туралы емдеудің басында хабардар болуы керек. Прегабалинмен ұзақ мерзімді емдеуді тоқтатуға қатысты деректер тоқтату симптомдарының жиілігі мен ауырлығы дозаға байланысты болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Балалар популяциясы

Бес педиатриялық зерттеуде (4 пен 16 жас аралығындағы пациенттердегі тиімділігі мен қауіпсіздікті 12-апталық зерттеу, n = 295; 1 айдан 4 жасқа жетпеген пациенттердегі тиімділік пен қауіпсіздікті 14-күндік зерттеу, n = 175, фармакокинетикасы мен жағымдылығын зерттеу, n = 65 және екі 1-жылдық ашық қауіпсіздік зерттеулері, n = 54 және n = 431) салдарлы жайылумен немесе онсыз парциальді құрысу ұстамалары бар пациенттерде байқалған прегабалиннің қауіпсіздік бейіні эпилепсиямен ауыратын ересектер қатысқан зерттеулерде байқалған прегабалиннің қауіпсіздік бейініне ұқсас болды. Ұйқышылдық, гипертермия, жоғарғы тыныс алу жолдарының инфекциялары, тәбеттің артуы, салмақтың артуы және назофарингит прегабалин қолданылған 12-апталық зерттеуде байқалған анағұрлым көп таралған жағымсыз құбылыстар болды. Прегабалинмен емдеу процесінде 14-күндік зерттеу кезінде байқалған анағұрлым көп таралған жағымсыз құбылыстар: ұйқышылдық, жоғарғы тыныс алу жолдарының инфекциялары және

Решение: N069467

Дата решения: 27.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

гипертермия.

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған кезде медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса алғанда, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) бойынша тікелей ақпараттық деректер базасына хабарласу керек

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК <http://www.ndda.kz>

Қосымша ақпарат

Дәрілік препараттың құрамы

Бір капсуланың құрамында

белсенді зат - прегабалин, 75 мг немесе 150 мг,

қосымша заттар: микрокристалды целлюлоза, натрий кроскармеллозасы, тальк, магний стеараты,

капсула құрамы: желатин, титанның қостотығы (Е 171).

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

Ақ түсті қатты желатинді капсулалар. Капсулалардың ішіндегісі - ақ немесе ақ дерлік түсті ұнтақ. Қолымен басқан кезде ыдырайтын нығыздалған бағаналардың немесе кесектердің бар болуына жол беріледі (75 мг дозасы үшін).

Ақ түсті қатты желатинді капсулалар. Капсулалардың ішіндегісі - ақ немесе ақ дерлік түсті ұнтақ. Қолымен басқан кезде ыдырайтын нығыздалған бағаналар немесе кесектердің бар болуына жол беріледі (150 мг дозасы үшін).

Шығарылу түрі және қаптамасы

10 капсуладан бір қабатты немесе көп қабатты поливинилхлоридті үлбірден және баспалы лакталған алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамада.

3 немесе 6 пішінді ұяшықты қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.

Сақтау мерзімі

Решение: N069467

Дата решения: 27.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

3 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Сақтау шарттары

Түпнұсқалық қаптамасында 25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы.

Өндіруші туралы мәліметтер

«Фарма Старт» ЖШҚ, Украина

Киев қ-сы, В. Гавел бул., 8

Тел./факс: +380442812333

office_ua@acino.swiss, office@phs.ua

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

«Ацино Украина» ЖШҚ, Украина

Киев қ-сы, В. Гавел бул., 8

Тел./факс: +380442812333

office_ua@acino.swiss, office@phs.ua

Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасы жөнінде шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, электронды пошта)

«Ацино Каз» ЖШС,

Қазақстан, 050047, Алматы қаласы, Бостандық ауданы,

Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 223 үй, 243 т.е.б.

Телефон: 8 (727) 364-56-61

e-mail: PV-KAZ@acino.swiss

Шешімі: N069467

Шешім тіркелген күні: 27.11.2023

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Тулешов К. А.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және

Решение: N069467

Дата решения: 27.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Решение: N069467

Дата решения: 27.11.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Тулешов К. А.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе